**Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы кейбір бұйрықтарға өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 2 маусымдағы № 256 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 4 маусымда № 22938 болып тіркелді.

БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес өзгерістер енгізілетін өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы кейбір бұйрықтардың тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларына сәйкес іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Заң департаменті ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы*
*Төтенше жағдайлар министрі* *Ю. Ильин*

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрінің
2021 жылғы 2 маусымдағы
№ 256 бекітілген

**Өзгерістер енгізілетін өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы кейбір бұйрықтардың тізбесі**

1. "Жарылыс жұмыстарын жүргізуге рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 350 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10273 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жарылыс жұмыстарын жүргізуге рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Жарылыс жұмыстарын жүргізуге рұқсат беру қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жарылыс жұмыстарын жүргізуге рұқсат беру қағидаларында:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жарылыс жұмыстарын жүргізуге рұқсат беру қағидалары";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Жарылыс жұмыстарын жүргізуге рұқсат беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 12-2-бабының 17) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес (бұдан әрі – Заң) әзірленіп жарылыс жұмыстарын жүргізуге рұқсат беру тәртібін және жарылыс жұмыстарын жүргізуге рұқсат беру мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайды.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. "Жарылыс жұмыстарын жүргізуге рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметті (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) осы Қағидаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің аумақтық департаменттері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.";

6-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Заңды тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті берушіге "Электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) келесі құжаттарды жолдайды:";

12, 13 және 14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына және (немесе) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға берілуі мүмкін.

"13. Көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25-бабының 2) тармағына сәйкес:

көрсетілетін қызметті берушімен – ол тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде;

мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның – ол тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қарауына жатады .

14. Көрсетілетін қызметті берушінің, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімі Заңның 25-бабының 4-тармағына сәйкес қажет болған жағдайда 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда шағымдарды қарау жөніндегі өкілеттіктер берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағым берген өтініш берушіге ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы жазбаша нысанда ( шағым қағаз жеткізгіште берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.";

осы Қағидаларға 1-қосымша осы өзгерістер енгізілетін өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы кейбір бұйрықтардың тізбесіне (бұдан әрі – Тізбесі) 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

осы Қағидаларға 2-қосымша осы Тізбесі 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

осы Қағидаларға 3-қосымша осы Тізбесі 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

осы Қағидаларға 4-қосымша осы Тізбесі 4-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. "Заңды тұлғаларды өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына аттестаттау" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 186 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20340 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Заңды тұлғаларды өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына аттестаттау" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында:

2-тармақта:

4) тармақша алып тасталсын;

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"6) лифтілерді, эскалаторларды, траволаторларды, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі адамдарға (мүгедектерге) арналған көтергіштерді монтаждауды, техникалық қызмет

көрсетуді, техникалық диагностикалауды, техникалық куәландыруды және жөндеуді жүргізу құқығына аттестаттауға жатады.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. "Заңды тұлғаларды өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына аттестаттау" мемлекеттік көрсетілетін қызметті (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) осы Қағидаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.";

4-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Заңды тұлғалар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті берушіге www.egov.kz " электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбамен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтінішті;

2) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушысының 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 299 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10188 болып тіркелген) бекітілген өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізуге аттестатталатын заңды тұлғаларға қойылатын талаптарға сәйкестігі туралы сараптамалық қорытындының электрондық көшірмесін жолдайды.";

9, 10 және 11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына және (немесе) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға берілуі мүмкін.

"10. Көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25-бабының 2) тармағына сәйкес:

көрсетілетін қызметті берушімен – ол тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде;

мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органмен – ол тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

11. Көрсетілетін қызметті берушінің, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімі Заңның 25-бабының 4-тармағына сәйкес қажет болған жағдайда 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда шағымдарды қарау жөніндегі өкілеттіктер берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағым берген өтініш берушіге ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы жазбаша нысанда ( шағым қағаз жеткізгіште берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.";

осы Қағидаларға 1-қосымша осы Тізбесі 5-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

осы Қағидаларға 2-қосымшада:

"Заңды тұлғаларды өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына аттестаттау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында":

реттік нөмірі 1-ші жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші). |

";

реттік нөмірі 7-ші жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | |
|---|---|---|
| 7 | Жұмыс кестесі | 1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.<br>2) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).<br>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:<br>1) көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында;<br>2) www.egov.kz порталында орналастырылған. |

";

реттік нөмірі 10-ші жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | |
|---|---|---|
| 10 | Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар | Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар.<br>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы " жеке кабинеті", көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтері, сондай-ақ "1414", 8-800-080-7777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар. |

";

осы Қағидаларға 3-қосымша осы Тізбесі 6-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

осы Қағидаларға 4-қосымша осы Тізбесі 7-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

3. "Қауіпті өндіріс объектісінің өнеркәсіптік қауіпсіздік декларацияларын тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 187 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20338 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Қауіпті өндіріс объектісінің өнеркәсіптік қауіпсіздік декларацияларын тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. "Қауіпті өндіріс объектісінің өнеркәсіптік қауіпсіздік декларацияларын тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметті (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) осы Қағидаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді. ";

4-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Заңды және жеке тұлғалар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті берушіге www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы:

1) өтінім;

2) қауіпті өндіріс объектісінің өнеркәсіптік қауіпсіздік декларациясының электрондық көшірмесін.";

9 және 10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына және (немесе) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға берілуі мүмкін.

10. Көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25-бабының 2) тармағына сәйкес:

көрсетілетін қызметті беруші – ол тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде;

мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның – ол тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қарауына жатады .";

11-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Көрсетілетін қызметті берушінің, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімі Заңның 25-бабының 4-тармағына сәйкес қажет болған жағдайда 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу.";

осы Қағидаларға 1-қосымшада:

"Қауіпті өндіріс объектісінің өнеркәсіптік қауіпсіздік декларацияларын тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында":

реттік нөмірі 1-ші жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші). |

";

реттік нөмірлері 7 және 8-ші жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | |
|---|---|---|
| 7 | Жұмыс кестесі | 1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.<br>2) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).<br>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:<br>1) көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында;<br>2) www.egov.kz порталында орналастырылған. |
| 8 | Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі | 1) өтінім;<br>2) қауіпті өндіріс объектісінің өнеркәсіптік қауіпсіздік декларациясының электрондық көшірмесі. |

";

реттік нөмірі 10-ші жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | |
|---|---|---|
| 10 | Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар | Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар.<br>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы " жеке кабинеті", көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтері, сондай-ақ "1414", 8-800-080-7777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар. |

";

"Қауіпті өндіріс объектісінің өнеркәсіптік қауіпсіздік декларацияларын тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымша алынып тасталсын;

осы Қағидаларға 2-қосымша осы Тізбесі 8-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

осы Қағидаларға 3-қосымша осы Тізбесі 9-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

4. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 16.09.2021 № 454 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. "Қауіпті өндірістік объектілерде қолданылатын технологияларды, техникалық құрылғыларды, материалдарды, қауіпті техникалық құрылғыларды қолдануға рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 16 сәуірдегі № 208 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20435 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Қауіпті өндірістік объектілерде қолданылатын технологияларды, техникалық құрылғыларды, материалдарды, қауіпті техникалық құрылғыларды қолдануға рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында:

3 және 4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын::

"3. "Қауіпті өндірістік объектілерде қолданылатын технологияларды, техникалық құрылғыларды, материалдарды, қауіпті техникалық құрылғыларды қолдануға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет болып табылады (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) және осы Қағидаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

4. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеке және заңды тұлғалардың не уәкілетті өкілінің (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) өтінішімен www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы көрсетіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында (бұдан әрі – Стандарт) баяндалған.";

5-тармақ алынып тасталсын;

6-тармақтың бірінші бөлігі келесі редакцияда жазылсын:

"6. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге:

1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының электрондық-цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтінішті;

2) сараптама қорытындысының электрондық көшірмесін жолдайды.";

12-тармақ алынып тасталсын;

осы Қағидаларға 1-қосымшада осы Тізбесі 13-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

осы Қағидаларға 2-қосымша осы Тізбесі 14-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

осы Қағидаларға 3-қосымша алынып тасталсын;

осы Қағидаларға 4-қосымша осы Тізбесі 15-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

осы Қағидаларға 5-қосымша осы Тізбесі 16-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

6. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 29.09.2021 № 485 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. "Жарылғыш және пиротехникалық (азаматтықты қоспағанда) заттар мен оларды қолданылып жасалған бұйымдар саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидаларын бекіту туралы" және "Жарылыс жұмыстарын жүргізуге рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 350 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы " Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 27 сәуірдегі № 234 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20561 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Жарылғыш және пиротехникалық (азаматтықты қоспағанда) заттар мен оларды қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, өндіру, сатып алу, өткізу, сақтау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. "Жарылғыш және пиротехникалық (азаматтықты қоспағанда) заттар мен оларды қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, өндіру, сатып алу, өткізу, сақтау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметті (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) осы Қағидаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.";

7-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Заңды немесе жеке тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті берушіге "электрондық үкіметтің " веб-порталы www.egov.kz (бұдан әрі – портал) келелесіні жолдайды:";

13 және 14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына және (немесе) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға берілуі мүмкін.

14. Көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес:

көрсетілетін қызметті берушімен – ол тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде;

мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органмен – ол тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады. ";

15-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Көрсетілетін қызметті берушінің, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімі Заңның 25-бабының 4-тармағына сәйкес мыналар қажет болған жағдайда 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу.";

осы Қағидаларға 1-қосымша осы Тізбесі 22-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

осы Қағидаларға 2-қосымша осы Тізбесі 23-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

осы Қағидаларға 3-қосымша осы Тізбесі 24-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

осы Қағидаларға 4-қосымша осы Тізбесі 25-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

осы Қағидаларға 5-қосымшада:

"Жарылғыш және пиротехникалық (азаматтықты қоспағанда) заттар мен оларды қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, өндіру, сатып алу, өткізу, сақтау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында":

реттік нөмірлері 1 және 2-ші жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті. |
| 2 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері | "Электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы. |

";

реттік нөмірі 10-шы жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | |
|---|---|---|
| | | Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары :<br>1) көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында; |

| | | |
|---|---|---|
| 10 | Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар | 2) www.egov.kz порталында орналастырылған. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: "1414", 8 800 080 7777. |

";

осы Қағидаларға 8-қосымша осы Тізбесі 26-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Жарылғыш заттар мен олардың негізінде жасалған бұйымдарды тұрақты қолдануға рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. "Жарылғыш заттар мен олардың негізінде жасалған бұйымдарды тұрақты қолдануға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметті (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) осы Қағидаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.";

6-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Заңды тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті берушіге "электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы келесі құжаттарды жолдайды:";

12 және 13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына және (немесе) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға берілуі мүмкін.

13. Көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес:

көрсетілетін қызметті берушімен – ол тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде;

мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органмен – ол тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.
";

14-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Көрсетілетін қызметті берушінің, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімі Заңның 25-бабының 4-тармағына сәйкес мыналар қажет болған жағдайда 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу.";

осы Қағидаларға 1-қосымша осы Тізбесі 27-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

осы Қағидаларға 2-қосымшада:

"Жарылғыш заттар мен олардың негізінде жасалған бұйымдарды тұрақты қолдануға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында":

реттік нөмірлері 1 және 2-ші жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті. |
| 2 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері | "Электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы. |

";

реттік нөмірі 10-ші жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | |
|---|---|---|
| 10 | Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар | Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары :<br>1) көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында;<br>2) www.egov.kz порталында орналастырылған.<br>Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: "1414", 8 800 080 7777. |

";

осы Қағидаларға 4-қосымша осы Тізбесі 28-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

осы Қағидаларға 5-қосымша осы Тізбесі 29-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

Өзгерістер енгізілетін
өнеркәсіптік қауіпсіздік
саласында мемлекеттік
қызметтер көрсету саласындағы
кейбір бұйрықтардың тізбесіне
1-қосымша

Жарылыс жұмыстарын
жүргізуге рұқсат беру
қағидаларына
1-қосымша
нысан

**[Заңды тұлғаның деректемелері (мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, телефоны)]**

[Мемлекеттік органның атауы]
басшысына

Өтініш нөмірі: [Нөмірі]

Өтініш күні: [Күні]

**Жарылыс жұмыстарын жүргізуге рұқсат беруге арналған ӨТІНІШ ______________________**
**__________________________________________ (заңды тұлғаның атауы)**

"Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 75-бабын басшылыққа ала отырып, Сізден қоса берілген құжаттар тізбесін қарап, жарылыс жұмыстарын жүргізуге рұқсат беруді сұрайды.

______________________________________________________________________________
________

(қызмет түрін көрсету)

____________________________________________________________________________
мақсатында

Жарылыс жұмыстарына басшылық жасау: _____________________________________
_

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, жарушының бірыңғай кітапшасының нөмірі, берілген күні)

Жарылыс материалдарын сақтау орны: _______________________________________
__

(атауы, орналасқан жері)

Қосымша: [Мемлекеттік қызметті көрсетуге қажетті құжаттардың тізбесі]

Ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.

Ұсынылған ақпараттың анықтығын растаймын және анық емес мәліметтер ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын.

______________________
[Тегі, аты, әкесінің аты
(болған жағдайда), электрондық
цифрлық қолтаңбасы]

Өзгерістер енгізілетін
өнеркәсіптік қауіпсіздік

саласында мемлекеттік
қызметтер көрсету саласындағы
кейбір бұйрықтардың тізбесіне
2-қосымша

Жарылыс жұмыстарын
жүргізуге рұқсат беру
қағидаларына
2-қосымша

| "Жарылыс жұмыстарын жүргізуге рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты | | |
|---|---|---|
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің аумақтық департаменті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші). |
| 2 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері | "Электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы. |
| 3 | Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі | 5 (бес) жұмыс күні. |
| 4 | Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны | Электрондық түрде (толығымен автоматтандырылған). |
| 5 | Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі | Жарылыс жұмыстарын жүргізуге рұқсат беру не болмаса "Жарылыс жұмыстарын жүргізуге рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет Қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) 3 және 4-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. |
| 6 | Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Тегін. |
| 7 | Жұмыс кестесі | 1) көрсетілетін қызметті беруші – 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13:00-ден 14:30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9:00-ден 18:30-ға дейін.<br>2) портал – техникалық жұмыстарды жүргізуге байланысты үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтiнiштердi қабылдау келесі жұмыс күні жүзеге асырылады). |
| | | 1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;<br>2) жарылыс жұмыстарын қауіпсіз орындау шарттарын, кесектердің ұшуы бойынша қауіпсіз қашықтықтарды, соққы ауа толқынының әсерін, жарылыс |

| | | |
|---|---|---|
| 8 | Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі | кезінде улы газдардың әсерін, сейсмикалық әсерді нақтылайтын есептеулері көрсетілген мәліметтері бар электрондық құжат;3) жарылыс жұмыстарын жүргізу кезінде:<br>жер бетінде жарылыс жұмыстарын жүргізу орны, қауіпті аймақ шекарасы, қауіпті аймақты күзету бекеттерін және оның шегіндегі тұрғын және өндірістік ғимараттарды, құрылыстарды, темір жолдарды, автомобиль жолдарын, арналарды, құбырларды, электр беру желілерін қою орындары көрсетілген жергілікті жердің жоспары бар электрондық құжат ұсынылады;<br>жер асты жағдайларында жарылыс жұмыстарын жүргізу орны, қауіпті аймақ шекарасы, қауіпті аймақты қорғау бекеттерін қою орны көрсетілген тау-кен жұмыстарының жоспары, сондай-ақ шахтаның (кеніштің, геологиялық барлау жұмыстары объектісінің) газ бен шаң бойынша қауіптілігі туралы мәліметтер бар электрондық құжат ұсынылады.<br>Жарылғыш материалдарды пайдалана отырып сейсмикалық барлау жұмыстарын жүргізу кезінде жұмыс бейіндері мен қауіпті аймақты қорғау схемалары бар электрондық құжат ұсынылады. |
| 9 | Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер | 1) Қағиданың 6-тармағында көрсетілген құжаттар толық түрде ұсынылмаған жағдайда;<br>2) өтініш беруші рұқсат алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігі анықталған;<br>3) көрсетілетін қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 343 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10244 болып тіркелген) Қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларымен белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;<br>4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты осы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) болған. |
| 10 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:<br>1) көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында;<br>2) www.egov.kz порталында орналастырылған.<br>Егер негізгі қызмет түрі лицензиялауға жатпайтын болса, онда жарылыс жұмыстарын жүргізуге рұқсат алу үшін 3-тармақта көрсетілген лицензияның болуы жеткілікті.<br>1. Мұнай; газ; газ конденсаты және айдау ұңғымаларында атқылау-жару жұмыстары қызметінің кіші түрінің лицензиясына қосымша ұсыну – мұнай-химия өндірістерін жобалауға (технологиялық) және (немесе) пайдалануға, көмірсутектер саласындағы магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалануға арналған лицензия; жарылғыш және пиротехникалық (азаматтықты қоспағанда) заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, өндіру, сатып алу, өткізу, сақтау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия және оған мына кіші қызмет түрлерін қосымша ұсыну:<br>1) жарылғыш және пиротехникалық (азаматтықты қоспағанда) заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды өздерінің өндірістік мұқтаждары үшін сатып алу;<br>2) жарылғыш және пиротехникалық (азаматтықты қоспағанда) заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сақтау.<br>2. Пайдалы қазбаларды өндіру үшін жарылыс жұмыстарын жүргізу – қызметтің кіші түріне арналған лицензияға қоса берілген тау-кен және химия өндірістерін пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия және |

| | | |
|---|---|---|
| | | қызметтің кіші түрлеріне арналған лицензияға қоса берілген жарылғыш және пиротехникалық (азаматтықты қоспағанда) заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, өндіру, сатып алу, өткізу, сақтау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия және оған мына кіші қызмет түрлерін қосымша ұсыну:<br>1) жарылғыш және пиротехникалық (азаматтықты қоспағанда) заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды өздерінің өндірістік мұқтаждары үшін сатып алу;<br>2) жарылғыш және пиротехникалық (азаматтықты қоспағанда) заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сақтау.<br>3. Қызметтің кіші түрлеріне арналған лицензияға қоса беріле отырып, жарылғыш және пиротехникалық (азаматтықты қоспағанда) заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, өндіру, сатып алу, өткізу, сақтау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия:<br>1) жарылғыш және пиротехникалық (азаматтықты қоспағанда) заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды өздерінің өндірістік мұқтаждары үшін сатып алу;<br>2) жарылғыш және пиротехникалық (азаматтықты қоспағанда) заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сақтау. |

Өзгерістер енгізілетін
өнеркәсіптік қауіпсіздік
саласында мемлекеттік
қызметтер көрсету саласындағы
кейбір бұйрықтардың тізбесіне
3-қосымша

Жарылыс жұмыстарын
жүргізуге рұқсат беру
қағидаларына
3-қосымша
нысан

| | | |
|---|---|---|
| [Мемлекеттік органның атауы] | | [Наименование государственного органа] |
| [Мемлекеттік органның деректемелері] | | [Реквизиты государственного органа] |
| Нөмірі: [Құжат нөмірі] | | [Заңды тұлғаның атауы] |
| Өтініш нөмірі: [Нөмірі] | | [Заңды тұлғаның деректемелері (мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, телефоны)] |
| Берілген күні: [Күні] | | |
| Жарылыс жұмыстарын жүргізуге<br>РҰҚСАТ<br>[Мемлекеттік органның атауы], "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 75-бабына және "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қоса беріліп отырған құжаттар тізбесін ескере отырып, ________________________________ ____________________________<br>(жарылыс жұмыстарын жүргізу орнының атауы) | | |

жарылыс жұмыстарын жүргізуге рұқсат берілді. ____________________________________________________
____________________ мақсатында

Жарылыс жұмыстарына басшылық жасау: ____________________________________

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, жарушының бірыңғай кітапшасының нөмірі, берілген күні)

Жарылыс материалдарын сақтау орны: ________________________________________

(атауы, орналасқан жері)

Ерекше шарттар: осы рұқсаттың қолданылу мерзімі – берілген күнінен бастап 1 жыл.

| | |
|---|---|
| [Қол қоюшының лауазымы] | [Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), электрондық цифрлық қолтаңбасы] |

Өзгерістер енгізілетін өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы кейбір бұйрықтардың тізбесіне
4-қосымша

Жарылыс жұмыстарын жүргізуге рұқсат беру қағидаларына
4-қосымша

Нысан

| | |
|---|---|
| [Мемлекеттік органның атауы] | [Наименование государственного органа] |
| [Мемлекеттік органның деректемелері] | [Реквизиты государственного органа] |
| Күні: [Берілген күні] | [Заңды тұлғаның атауы] |
| Нөмірі: [Құжат нөмірі] | [Заңды тұлғаның деректемелері (мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, телефоны)] |

ДӘЛЕЛДІ БАС ТАРТУ

[Мемлекеттік органның атауы], Сіздің [Өтініш күні] жылғы № [Өтініштің нөмірі] өтінішіңізді және қоса беріліп отырған құжаттар тізбесін қарап, мынаны хабарлайды:

[Бас тартудың негізі]

[Тегі, аты, әкесінің аты

[Қол қоюшының лауазымы] (болған жағдайда), электрондық цифрлық қолтаңбасы]

Өзгерістер енгізілетін
өнеркәсіптік қауіпсіздік
саласында мемлекеттік
қызметтер көрсету саласындағы
кейбір бұйрықтардың тізбесіне
5-қосымша
"Заңды тұлғаларды өнеркәсіптік
қауіпсіздік саласында
жұмыстарды жүргізу құқығына
аттестаттау" мемлекеттік
қызметін көрсету қағидаларына
1-қосымша
нысан

**[Заңды тұлғаның деректемелері (мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, телефоны)]**

[Мемлекеттік органның атауы]
басшысына

Өтініш нөмірі: [Нөмірі]

Өтініш күні: [Күні]

Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында жұмыстарды жүргізу құқығына аттестат алуға ӨТІНІШ

_____________________________________________________________

(заңды тұлғаның атауы)

"Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 72-бабын басшылыққа ала отырып, Сізден қоса берілген құжаттар тізбесін қарап, "Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында жұмыстарды жүргізу құқығына аттестат" беруді сұрайды

________________________________________________

(жұмыс түрін көрсету)

Қосымша: [Мемлекеттік қызметті көрсетуге қажетті құжаттардың тізбесі]

Ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.

Ұсынылған ақпараттың анықтығын растаймын және анық емес мәліметтер ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын.

__________________________________

[Тегі, аты, әкесінің аты<br>(болған жағдайда), электрондық<br>цифрлық қолтаңбасы]

Өзгерістер енгізілетін<br>өнеркәсіптік қауіпсіздік<br>саласында мемлекеттік<br>қызметтер көрсету саласындағы<br>кейбір бұйрықтардың тізбесіне<br>6-қосымша

"Заңды тұлғаларды өнеркәсіптік<br>қауіпсіздік саласында<br>жұмыстарды жүргізу құқығына<br>аттестаттау" мемлекеттік<br>қызметін көрсету қағидаларына<br>3-қосымша

нысан

| | |
|---|---|
| [Мемлекеттік органның атауы] | [Наименование государственного органа] |
| [Мемлекеттік органның деректемелері] | [Реквизиты государственного органа] |
| Күні: [Берілген күні] | [Заңды тұлғаның атауы] |
| Нөмірі: [Құжат нөмірі] | [Заңды тұлғаның деректемелері (мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, телефоны)] |

ДӘЛЕЛДІ БАС ТАРТУ

[Мемлекеттік органның атауы], Сіздің [Өтініш күні] жылғы № [Өтініштің нөмірі] өтінішіңізді және [ Сараптамалық қорытындының күні] жылғы № [Сараптамалық қорытындының нөмірі] [Сараптамалық қорытындыны берген ұйымның атауы] сараптамалық қорытындыны қарап, мынаны хабарлайды:

[Бас тартудың негізі]

| | |
|---|---|
| [Қол қоюшының лауазымы] | [Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), электрондық цифрлық қолтаңбасы] |

Өзгерістер енгізілетін
өнеркәсіптік қауіпсіздік
саласында мемлекеттік
қызметтер көрсету саласындағы
кейбір бұйрықтардың тізбесіне
7-қосымша
"Заңды тұлғаларды өнеркәсіптік
қауіпсіздік саласында
жұмыстарды жүргізу құқығына
аттестаттау" мемлекеттік
қызметін көрсету қағидаларына
4-қосымша
нысан

| | | |
|---|---|---|
| [Мемлекеттік органның атауы] | | [Наименование государственного органа] |
| [Мемлекеттік органның деректемелері] | | [Реквизиты государственного органа] |
| Нөмірі: [Құжат нөмірі] | | [Заңды тұлғаның атауы] |
| Өтініш нөмірі: [Нөмірі] | | [Заңды тұлғаның деректемелері (мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, телефоны)] |
| Берілген күні: [Күні] | | |

Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында жұмыстарды жүргізу құқығына
АТТЕСТАТ
[Мемлекеттік органның атауы], "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 72-бабына және "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес және [Сараптамалық қорытындының күні] жылғы № [Сараптамалық қорытындының нөмірі ] [Сараптамалық қорытындыны берген ұйымның атауы] оң сараптамалық қорытындысын ескеріп, өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында жұмыстар жүргізу құқығы берілді:

________________________________________________________________________

(жұмыстардың түрі (лері) көрсетіледі)
Аттестатты қолданудың ерекше шарттары: аттестаттың қолданылу мерзімі бес жылды құрайды.

| | |
|---|---|
| [Қол қоюшының лауазымы] | [Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), электрондық цифрлық қолтаңбасы] |

Өзгерістер енгізілетін
өнеркәсіптік қауіпсіздік
саласында мемлекеттік
қызметтер көрсету саласындағы
кейбір бұйрықтардың тізбесіне
8-қосымша
"Қауіпті өндіріс объектісінің
өнеркәсіптік қауіпсіздік
декларацияларын тіркеу"
мемлекеттік қызметін көрсету
қағидаларына 2-қосымша
нысан

| | |
|---|---|
| [Мемлекеттік органның атауы] | [Наименование государственного органа] |
| [Мемлекеттік органның деректемелері] | [Реквизиты государственного органа] |
| Күні: [Берілген күні] | [Жеке немесе заңды тұлғаның атауы] |
| Нөмірі: [Құжат нөмірі] | [Жеке немесе заңды тұлғаның деректемелері (мекенжайы, жеке сәйкестендіру/бизнес-сәйкестендіру нөмірі, телефоны)] |

ДӘЛЕЛДІ БАС ТАРТУ

[Мемлекеттік органның атауы], Сіздің [Өтініш күні] жылғы № [Өтініштің нөмірі] өтінішіңізді қарап, мынаны хабарлайды:

[Бас тартудың негізі]

[Тегі, аты, әкесінің аты

[Қол қоюшының лауазымы]

(болған жағдайда), электрондық
цифрлық қолтаңбасы]

Өзгерістер енгізілетін
